



«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің

**Ата-аналарға арналған консультация пункті туралы мәлімет
2022-2023 оқу жылы**

Әрбір бүлдіршін - ең алдымен өз халқының перзенті, өз Отанының азаматы, ұлттың болашағы, егеменді еліміздің ертеңі. Сондықтан «бала», «ұрпақ», «Өркен» деген ұғымдарды ұмытпай және негізгі мақсатымыз жан-жақты бала тәрбиесі болуы керек. Бүгінгі қоғамда жан-жақты жетілген, бойында ұлттық құндылықтар, сана-сезімі қалыптасқан парасатты азамат тәрбиелеп өсіру – отбасының, балабақшаның, барша халықтың міндеті. Осы міндетті іске асыру үшін, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің 2009 жылғы 28 қаңтардағы №27 бұйрығымен бекітілген «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің қызметін ұйымдастырудың ережесіне» сәйкес, мектепке дейінгі ұйымдармен қамтылмаған балаларға жан-жақты қолдау көрсету мақсатында, «Ата-аналарға арналған консультациялық пункттер» құру қолға алына бастады.

«Т.Тоғысбаев атындағы жалпы білім беретін мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде отбасылық жағдайында тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына арналған консультациялық пункті ашылды. Жағдайын анықтаған отбасыларына «Ата-аналарға арналған консультациялық пункт» жөнінде ақпарат, оның мақсаты мен міндеті түсіндіріліп, кеңестер берілді. Осы атқарылған жұмыстар нәтижесінде бірнеше «Ата-аналарға арналған консультациялық пунктінің» қызметіне өтініш білдірді.

Бала тәрбиесі үшін маңызды «Дені сау ұрпақ - еліміздің болашағы», «Тазалық денсаулық кепілі», «Баланың рухани әлемі», «Ұялшақтық, ұяндық оны қалай жеңуге болады?», «Баланың үйдегі әрекетін ұйымдастыру», «Баланы мінез- құлық мәдениетін тәрбиелеу» т.б. тақырыптарда топтық және жеке кеңестер берілді. «Консультативтік пункттер жағдайындағы мектепке дейінгі ұйыммен қамтылған балалар және ата-аналарды» көбіне толғандыратын сұрақтарға «Балалардың қабілеттілігін анықтау жолдары», «Бала ағзасын шынықтыру» және тақырыптарда мамандар тарапынан кеңестер беріледі. Ата-аналармен, баланың мектепке дайындығын анықтау мақсатында тестілер мен сауалнамалар жүргізіліп, балалардың оқу-білім деңгейін анықтап, мамандардың тиісінше кеңес нұсқаулары беріліп отырды.



Мектеп директоры:

